



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ БАНКТЕРДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ПІКІРТЕРІМ

2024 ЖЫЛҒЫ
4-тоқсан

Кредиттеу туралы банктерде жүргізілген пікіртерім

2024 жылғы 4-тоқсан

Корпоративтік секторды кредиттеу

Банктердің бағалауы бойынша кәсіпкерлік субъектілері тарапынан кредитке сұраныс 2024 жылғы 4 тоқсанда негізінен шағын және орта бизнес есебінен біршама өсті (1-сурет).

Банктер ірі бизнес субъектілері тарапынан сұраныстың алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталғанын атап өтті (1-сурет). Банктердің пікірінше, сыртқы экономикалық жағдайларға қатысты белгісіздік және соның салдарынан ұзақмерзімді болжау мүмкіндігінің болмауы ірі инвестициялық жобаларға сұраныстың өсуін біршама шектеді. Осылайша, банктер ірі компаниялар стратегиялық міндеттерді іске асырудан операциялық тиімділікті жақсартуға, сондай-ақ операциялық қызметті оңтайландыру есебінен шығындарды азайтуға және маржаны арттыруға біртіндеп ауысып жатқанын атап өтті. Жеке ірі банк қарыздарды қайта құрылымдауға сұраныс артқанын және берешекті жабу үшін жинақтарын белсенді пайдалануға байланысты бизнестің қолжетімді қорландыру базасының төмендегенін атап өтті. Сонымен қатар, орта банктер айналым қорларын қаржыландыруға арналған қарыз үлесі ұлғайғанын байқайды. Бұл ретте кейбір банктер бірнеше инвестициялық жобалардың, соның ішінде шетелдік банктермен бірлесіп берілетін синдицирленген кредиттер есебінен қаржыландырылатын жобалардың жанданғанын атап өтті. Нәтижесінде, ірі бизнестің кредиттік өтінімдерінің жалпы саны тоқсаннан тоқсанға (т/т) 9%-ға 214-ке дейін өсті, ал өтінімдердің орташа мөлшері 13%-ға (т/т) 8,8 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Өз кезегінде орта бизнес субъектілері тарапынан сұраныстың елеусіз ұлғаюы, банктердің пікірінше, көбіне жеңілдетілген несиені бойынша мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржыландырудың қайта жандануымен байланысты (1-сурет). Сонымен қатар, жеке банктер нарықтық шарттармен орта бизнес субъектілеріне несиені мейілінше белсендірек бере бастады. Мәселен, жеке банк 3-тоқсанда іске қосылған өнім бойынша кредиттеуді масштабтау нәтижелерін атап өтті. Өз кезегінде, басқа орта банк несиелеу фокусын ірі бизнес сегментінен орта бизнесті несиелеуге ауыстырды. Алайда, өзге орта банктер экономикалық факторларға (бизнес кірістерінің және олардың жоғары құн нәтижесінде инвестициялауға тәбетінің төмендеуі) байланысты орта бизнес тарапынан, атап айтқанда ірі жобаларда қосалқы мердігер ретінде әрекет ететін кәсіпкерлік субъектілері тарапынан сұраныстың төмендегенін байқайды. Осылайша, орта бизнестің кредиттік өтінімдерінің жалпы саны 2%-ға (т/т) 4,7 мыңға дейін өсті, ал өтінімдердің орташа мөлшері 7%-ға (т/т) 836 млн теңгеге дейін төмендеді.

Шағын бизнес субъектілерінің несиеге деген сұранысының өсуі бірнеше фактордың әсерінен сақталды. Мәселен, 4-тоқсанда бірнеше ірі банк шағын және микро-бизнес субъектілері үшін онлайн-өнімдерді, соның ішінде бөлшек сауда сегментіндегі кәсіпорындар үшін бөліп төлеуді және бизнеске арналған несие картасын іске қосты. Жеке банктер өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың тұтынушылық несиелеуден бизнес несиелеу сегментіне өтуін ынталандыру үшін өтінім қараудың жеңілдетілген рәсімдері мен тартымды шарттары бар жеке кәсіпкерлерге арналған жаңа өнімдер әзірледі. Сұранысты қолдаушы тағы бір фактор – 4-тоқсанда шағын бизнестің жеңілдетілген несие бойынша мемлекеттік бағдарламаларына қолжетімділігінің қалпына келуі. Нәтижесінде, шағын бизнестің кредиттік өтінімдерінің жалпы саны 10%-ға (т/т) ұлғайып, 930 мыңды құрады, ал өтінімдердің орташа мөлшері 21%-ға (т/т) 47,9 млн теңгеге дейін төмендеді.

2025 жылдың 1-тоқсанында банктер шағын және орта бизнес субъектілері сұранысы біршама төмендейді деп күтеді (1-сурет). Банктердің бұлай күтуі көбіне жеке мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржыландырудың уақытша болмауына байланысты. Өз кезегінде, банктердің пікірінше, ірі кәсіпкерлік субъектілері тарапынан сұраныс алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталады.

Ірі бизнес субъектілерінің өтінімдері бойынша мақұлдау коэффициенті жыл соңында жинақталған өтінімдерді қаржыландыру салдарынан 60%-ға дейін өсті, ал орта бизнес үшін 41% деңгейінде сақталды. Шағын бизнестің несиелік өтінімдерін мақұлдау деңгейі дәстүрлі түрде төмен онлайн өнімдерге өтінімдер санының артуына байланысты аздап төмендеді және 33%-ды құрады.

Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің жоғарылауы салдарынан жеке банктердің ірі және орта бизнес субъектілері үшін сыйақы мөлшерлемесінің біршама ұлғайғанын есептегенде, банктер 4-тоқсанда кредиттеу шарттарына айтарлықтай өзгеріс енгізген жоқ (4-сурет). 2025 жылдың 1-тоқсанында банктер несие беру шарттарына айтарлықтай өзгеріс енгізуді көздемейді.

Жеке тұлғаларды кредиттеу

4-тоқсанның қорытындысы бойынша ипотекалық қарыздар мен автокредитке сұраныс өсті, ал кепілмен және кепілсіз тұтынушылық кредиттерге сұраныс төмендеді.

4-тоқсанда ипотекалық қарыздар сегментінде сұраныс динамикасы өткен тоқсанмен салыстырғанда оң мәнде қалды (5-сурет). Бұл ретте банктердің ипотекалық қарыздарға сұраныс бойынша жауаптары көп бағытты болып қалыптасты. Бір жағынан, жеке ірі банк 2024 жылдың соңында ипотекалық өнімді іске қосты, ал өзге орта банк серіктестік ипотекалық бағдарламалар бағытында белсенді жұмысын жалғастыруда. Екінші жағынан, бір орта банк кепілдік құнын бағалауға қатаң талаптарды сақтауда және олардың ипотекалық өнімдеріне сұраныстың төмендеуін жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаның өсуімен түсіндіреді. Тағы бір орта банк ипотекалық қарыздарды несиелеу белсенділігінің төмендеуін ұзақмерзімді қорландыру базасының болмауымен түсіндіреді. Нәтижесінде, ипотекалық қарыздар бойынша өтінімдер саны 5%-ға (т/т), 228 мыңға дейін ұлғайды, ал өтінімдердің орташа мөлшері 2%-ға (т/т) ұлғайып, 17,8 млн теңгені құрады.

Қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздарға сұраныс төмендеді (5-сурет), бұл негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің қатаңдатылуына байланысты (9-сурет). Сонымен қатар, жеке банк тарапынан кепіл мүлкі бағаларының өзгеруі нәтижесінде кепіл талаптарының қатаңдауы байқалды. Осылайша, келіп түскен өтінімдер саны 16%-ға (т/т) 40,8 мыңға дейін азайды, ал өтінімдердің орташа мөлшері 11%-ға (т/т) 14 млн теңгеге дейін ұлғайды.

Тұтынушылық кепілсіз қарыздарға сұраныс аздап төмендеді. Банктер бұл үрдісті 1000 айлық есептік көрсеткіштен астам сомаға қарыздарды ресімдеу кезінде кепілсіз қарыздың максималды сомасы және ерлі-зайыптылардың келісімі бөлігінде 2024 жылғы 3-тоқсанда реттеу талаптарын қатаңдатумен байланыстырады. Осыған байланысты бірқатар орта банктер мемлекеттік органдардың дерекқорларына қол жеткізуді шектеуге байланысты қиындықтарды атап өтіп, белгіленген реттеуші талаптарды сақтау үшін осы деректердің үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз ету қажеттігін атап көрсетті. Осылайша, кредиттеудің осы сегментіндегі өтінімдердің жалпы саны 2%-ға (т/т) 20,2 млн-ға дейін төмендеді, ал өтінімдердің орташа мөлшері 19%-ға (т/т) төмендеп, 907 мың теңгені құрады.

4-тоқсанның қорытындысы бойынша автокредиттерге сұраныс өсу серпінін жалғастырды (5-сурет), бұл көбіне автосалон-серіктестер тарапынан маркетингтік ілгерілеудің және осындай серіктестер ішінара субсидиялайтын бірқатар акциялық өнімдерді ұсынудың нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, ірі банк өзінің цифрлық автокредиттік өнімін белсенді түрде ілгерілетуде және дамытуда, бұл да сұраныстың артуына өз әсерін тигізді. Жалпы осы сегментте кредиторлар тізімдерінің кеңеюі

байқалады. Мәселен, орта банктердің бірі 3-тоқсаннан бастап автокредитке өтінімдерді қабылдай бастады. Бұл ретте жекелеген орта банк осы сегменттегі ұсыныстың үздіксіз артуы салдарынан кепіл құнының төмендеу тәуекелдерінің туындау ықтималдығына байланысты өтінімдерді қабылдау арналарының қысқарғанын атап өтті. Нәтижесінде автокредитке өтінімдер саны 9%-ға (т/т) 1,2 млн-ға дейін ұлғайды, ал өтінімдердің орташа мөлшері 3%-ға (т/т) 7,1 млн теңгеге дейін ұлғайды.

2025 жылдың 1-тоқсанында банктер автокредиттерге сұраныстың шамалы өсуін күтуде (5-сурет). Банктердің пікірінше, ипотекалық қарыздар мен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар бойынша сұраныс аздап төмендейді, ал кепілсіз қарыздар бойынша сұраныс 2024 жылғы 4-тоқсан деңгейінде қалады.

Ипотекалық өнімдер бойынша мақұлдау коэффициенті 3 п.т. (пайыздық тармақ) төмендеді және 31%-ды құрады. Мақұлданған кепілсіз қарыздар мен автокредиттердің үлесі өткен тоқсан деңгейінде қалып, тиісінше 29% және 18%-ды құрады, қамтамасыз етілген қарыздар бойынша 5 п.п. (т/т) өсіп, 36%-ды құрады. Қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар бойынша мақұлдау коэффициентінің артуы жеке орта банктің қарыздардың қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін кепілді кредиттеу басымдығының сақталуына, сондай-ақ өтінімдер ағынының сапасын жақсарту мақсатында онлайн-арнаны өшіруіне байланысты.

4-тоқсанда банктер кепілдік талаптарын елеусіз қатаңдатуды қоспағанда, ипотекалық қарыздар бойынша кредиттеу шарттарына елеулі өзгерістер енгізбеді. Жеке банктер өздерінің ипотекалық өнімдерін цифрландыру деңгейін арттыруды, сондай-ақ үлестік қатысуды қаржыландыру өнімін іске қосуды жоспарлап отыр. Тұтынушылық қарыздар бойынша кейбір банктер сыйақы мөлшерлемелерін біршама қатаңдатты. Автокредит сегментінде жеке банк кепілмен қамтамасыз ету талабын жеңілдетті, ал басқа орта банк сыйақы мөлшерлемесін төмендетті. Өз кезегінде кепілсіз қарыздарды несиелеу шарттары алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталды. Келесі тоқсанда банктер автокредиттеу шарттарындағы біршама өзгерістерді қоспағанда, бөлшек кредиттеу шарттарына елеулі өзгерістер енгізуді жоспарламайды.

Зерттеу бойынша жалпы ақпарат

Ұлттық Банк кредиттік ресурстарға сұраныс пен ұсынысқа деген өзгерісті бағалау мақсатында банктерге кредиттеу туралы пікіртерімді тоқсан сайын жүргізеді. Пікіртерім банктің жалпы кредиттік саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банк басшыларына жіберілді. Зерттеу барысында жекелеген банктердің өкілдерімен сауалнама және кейін сұхбат алу арқылы барлық банкте пікіртерім жүргізіледі.

Көптеген сұраққа жауап нұсқалары төменде келтірілгендердің біреуін таңдауды білдіреді:

-1 = айтарлықтай азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

-0,5 = біршама азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

0 = бұрынғы деңгейде қалады (қалды)

0,5 = біршама ұлғаяды (ұлғайды)/жеңілдейді (жеңілдеді)

1 = айтарлықтай ұлғаяды (ұлғайды)/жеңілдейді (жеңілдеді)


2018 жылғы I тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері таза пайыздық өзгерісті (ТПӨ) – өлшемдердің ұлғайғанын (жеңілдегенін) белгілеген респонденттер үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) белгілеген респонденттердің үлесі арасындағы айырманы есептеу арқылы қарапайым орташа ретінде жинақталды.

2018 жылғы I тоқсаннан бастап зерттеу нәтижелері кредиттеу нарығының тиісті сегментіндегі банктердің үлесін ескере отырып ТПӨ-ге жинақталады. Аталған индикатордың мәні егер банктер «айтарлықтай азайды/қатаңдады» жауабын таңдаса – 100%-дан бастап, егер банктер «біршама айтарлықтай ұлғайды/жеңілдеді» жауабын таңдаса – 100%-ға дейін құбылуы мүмкін.

Аталған ТПӨ индикаторының оң мәні – өлшемдердің өсу (жеңілдеу) қарқынын, теріс мәні – төмендегенін (қатаңдағанын) білдіреді. Бұл ретте, таза пайыздық өзгерістің мәні өлшемдегі өзгерістің шамасын көрсетпейді, тек өзгерістің өзін ғана көрсетеді.

Сонымен қатар 2018 жылғы I тоқсаннан бастап түскен және мақұлданған кредиттік өтінімдерге қатысты сұрақтар қосылды (№21, 22, 23-сұрақтар). Түскен өтінімдердің жалпы саны кредиттік шешім (мақұлданды/ бас тартылды) қабылданған өтінімдерді және зерттеу жүргізу барында қаралып жатқан өтінімдерді қамтиды.


1-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына сұранысы



(а) №1 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше, кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кәсіпкерлер тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныстың ұлғаюу белгісі болады.

2-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу талаптары




(а) №5 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

3-сурет. Кредиттеудің жекелеген талаптары


Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №7 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізіше, кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келісі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

4-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері


Таза пайыздық өзгеріс



(а) №8 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза өзгеріс корпоративтік секторға арналған кредиттеріне сыйақы мөлшерлемелерінің төмендеу белгісі болады.


5-сурет. Жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныс
Таза пайыздық өзгеріс



(а) №9 сұрақ: Жеке тұлғалардың кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше, жеке тұлғалардың кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныстың ұлғаюуына белгісі болады.

6-сурет. Жеке тұлғалардың кредиттеу талаптары
Таза пайыздық өзгеріс




(а) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №16 сұрақ: Ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Таза оң пайыздық өзгеріс ипотекалық кредиттеудің талаптары қысқаруының белгісі болады.

8-сурет. Тұтынушылық кредиттеудің талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

№15 сұрақ: Тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Таза оң пайыздық өзгеріс тұтынушылық кредиттеудің талаптарын қысқарту белгісі болады.

9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі

Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №18 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Таза оң пайыздық өзгеріс жеке тұлғаларға арналған кредиттердің сыйақы мөлшерлемесін төмендету белгісі болады.